

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ
ШКОЛА-ИНТЕРНАТ ИМЕНИ
ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

2022 жыл 31 тамыз

№ 420

**2022-2023 оқу жылына педагогикалық,
оқу-әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестік,
жас мұғалімдер мектебі, шығармашылық
тобы, озық тәжірибе мектебі туралы
ережелерін бекіту туралы**

Мектеп-интернаттың шығармашылық қызметінің заңдылық қағидатын қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022-2023 оқу жылына педагогикалық кеңес туралы Ережесі бекітілсін (қосымша 1).

2. 2022-2023 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің Ережесі бекітілсін (қосымша 2).

3. 2022-2023 оқу жылына оқу – әдістемелік кеңес туралы Ережесі бекітілсін (қосымша 3).

4. 2022-2023 оқу жылына жас мұғалімдер мектебі туралы Ережесі бекітілсін (қосымша 4).

5. 2022-2023 оқу жылына шығармашылық тобы туралы Ережесі бекітілсін (қосымша 5).

6. 2022-2023 оқу жылына озық тәжірибе мектебі туралы Ережесі бекітілсін (қосымша 6).

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз атыма қалдырамын.

Директор



Ы.Келинбердиева

*Қостанай облысы білім басқармасының «БІ.
Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-интернаты» КММ директорының 2022
жылғы 31 тамыздағы № 420 бұйрығына
Қосымша 3*

Оқу-әдістемелік кеңес туралы ереже

Оқу-әдістемелік кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Оқу-әдістемелік кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің ережесі (бұдан әрі-Ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 44-бабы 9-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Ереже мектеп-интернатында басқарудың алқалы органдары болып табылатын әдістемелік ғылыми кеңестің мүшелерін сайлау тәртібін қамтитын оқу-әдістемелік кеңес (бұдан әрі - Кеңес) қызметін ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

3. Кеңес өз қызметінде "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңын , білім беру ұйымның жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері

- 1) оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің сапа мониторингісін ұйымдастыру;
- 2) мектепте шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттерді, құралдарды және басқа да материалдарды басып шығаруға жоспарлауды, сараптаманы және ұсынымды ұйымдастыру;
- 3) білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
- 4) оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді қорыту және тарату;
- 5) сапа менеджменті жүйесін дамыту және оқу үдерісін әдістемелік әзірлемелердің нәтижесін енгізу жөніндегі ұсынымдарды дайындау;
- 6) білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмыстарды үйлестіру;
- 7) мектепте білім беру үдерісінің жаңа және қолданыстағы технологиялар, әдістер, құралдар нысандарын енгізу және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 8) әдістемелік бірлестіктерінің, шығармашылық тобының жұмысын ұйымдастыру;
- 9) педагогтік ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды басқару;
- 10) білім беруді дамыту және басым бағыттарды қалыптастыру және оны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 11) білім беру саласындағы қызметкерлерді аттестаттауға қатысу.

3. Кеңес қызметінің негізгі бағыттары

- 1) білім беру ұйымдарда оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарау;

- 2) білім беру ұйымдарда әдістемелік қамтамасыз етуге байланысты нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 3) оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электрондық түрде және дидактикалық материалдар ұйымдастыру;
- 4) оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және педагог қызметкерлеріне, білім беру ұйымдарына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстардың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарау;
- 5) жекелеген пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын талқылау және бекіту;
- 6) әдістемелік бірлестіктер қызметінің жылдық жоспарларын келісу және бекіту;
- 7) Оқушылардың білімін бағалау үшін тест тапсырмаларын және басқа түрлерін әзірлеу және сараптамадан өткізу мәселелері;
- 8) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

4. Кеңестің сайлау және жұмыс тәртібі

1. Кеңестің құрамына мектеп директорының орынбасарлары, ӘБ жетекшілері, мұғалімдер кіреді. Кеңестің құрамы білім беру ұйымның басшысының бұйрығымен бекітіледі.
2. Кеңесті оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі басшының орынбасары - Төраға басқарады.
3. Кеңес мүшелерінен ашық дауысы арқылы хатшы сайланады.
4. Кеңестің жұмысы әдістемелік кеңестің отырысында қабылданған және білім беру ұйымның бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.
5. Кеңестің отырысы екі айда бір рет өткізіледі.
6. Әдістемелік кеңестің отырысында қаралған мәселенің нәтижесі бойынша қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілік дауысымен әдістемелік кеңестің ұсынысы қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Отырыстың хаттамалары мен әдістемелік кеңестің шешімдеріне кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.
7. Егер әдістемелік кеңестің отырысында оның мүшелерінің үштен екі бөлігі қатысып отырса, онда әдістемелік кеңес құқықты өкілетті деп табылады.
8. Кеңестің төрағасы жылына бір рет Кеңес қызметінің нәтижелері туралы білім беру ұйымдарының педагогикалық, ғылыми кеңесінің алдында есеп береді.
9. Әдістемелік кеңестің әрбір мүшесі кеңестің барлық отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, жүктелген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындауға тиісті.